

2007 жылға арналған көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге, өсімдік шаруашылығы өнімінің түсімділігі мен сапасын арттыруға қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидия көлемін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімі 2007 жылғы 23 ақпандағы N 9 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет Департаменті 2007 жылғы 15 наурызда N 1643 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 17 қазандағы N 01.04-08/2964 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011.10.17 N 01.04-08/2964 хаты)

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы"» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы 29 бабы 2 тармағына және»"2007 жылы ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге, өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түсімділігі мен сапасын арттыруға қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидия төлеу ережелерін бекіту туралы"»Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 ақпандағы N 87 қаулысына сәйкес облыс әкімі **ШЕШТІ** :

1. 2007 жылға арналған көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге, өсімдік шаруашылығы өнімінің түсімділігі мен сапасын арттыру үшін қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған облыс аудандары бойынша субсидия көлемі қосымшаға сәйкес бекітілсін (бұдан әрі - субсидия).

2. Аудандар әкімі, ауыл шаруашылығы департаменті субсидияны төлеуге бюджеттік қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары С.І.Сүлейменовке жүктелсін.

4. Осы шешім оны бірінші рет ресми жариялағаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Облыс

әкімінің

2007

жылғы

23

ақпандағы

N 9 шешіміне қосымша

2007 жылға арналған көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге, өсімдік шаруашылығы өнімінің түсімділігі мен сапасын арттыруға қажетті жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидия көлемін аудандар бойынша бөлу

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда жазылды - СҚО әкімінің 2007 жылғы 10 тамызда N 20 шешімі; 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 36 шешімі

Аудандар	Субсидия сомасы	соның ішінде дақылдар бойынша		
		дәнді	майлы	жемшөп
Айыртау	202,1	190,1	10,5	1,5
Ақжар	158,5	153,7	2,9	1,9
Аққайын	110,2	103,4	1,6	5,2
Есіл	154,2	143,7	6,0	4,5
Жамбыл	125,8	111,6	14,2	
М.Жұмабаев	223,0	194,1	18,3	10,6
Қызылжар	87,5	77,6	6,1	3,8
Мамлют	86,0	85,5	0,1	0,4
Ғ.Мүсіріпов	404,6	363,7	35,2	5,7
Тайыншина	324,0	296	13,2	14,8
Тимирязев	130,0	120,6	9,2	0,2
Уәлиханов	129,0	126,1	1,0	1,9
Шал ақын	129,1	123,9	5,2	
Барлығы	2264,0	2090,0	123,5	50,5